

**Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының «Орал  
«Сервис» технологиялық колледжі» МКҚК мен рестороловая «Ploff»  
(«RAssaur» ЖК) арасындағы корпоративтік басқару (қамқорлық) туралы  
КЕЛІСІМІ**

2025 жыл «09» қаңтар

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Орал технологиялық колледжі «Сервис» МКҚК басшысы Айгүл Бисенбаевна Искалиева және рестороловая «Ploff» («RAssaur» ЖК) басшысы Руслан Серикович Асауп тұлғасында қызмет көрсету саласы үшін кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласындағы ынтымақтастық туралы осы Келісімді жасасты.

Осы Келісім Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Үдемелі индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасын», «Дуальды білім беру жүйесінің жол картасын» орындау мақсатында әзірленді, бұл ретте Тараптар өз өкілеттіктері шеңберінде осы Келісімде бекітілген міндеттемелерді өзіне қабылдайды.

**1. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары.**

- 1) Кадрларды нысаналы даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру саласында, оның ішінде қызмет көрсету үшін дуальды оқыту бойынша өзара қажеттіліктер мен мүдделерді ескере отырып, тең құқылық қағидаттары негізінде ынтымақтастықты дамыту.
- 2) Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» МКҚК базасында үйлестіру оқу орталығы бар кадрларды даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру және сертификаттаудың салалық оқу-әдістемелік кластерін құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
- 3) Кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды корпоративтік басқару жүйесін (шефтік\ қамқорлық) құру.
- 4) Техникалық және кәсіптік білім берудің нормативтік-құқықтық базасын және МЖМБС жетілдіру.
- 5) Кластерді үйлестіру оқу орталығының оқу-материалдық базасын дамыту (Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» МКҚК).
- 6) Келісімге енгізілген проблемалар мен басқа да әлеуметтік - экономикалық мәселелер бойынша қабылданатын шешімдер, нормативтік құқықтық актілер туралы бір-бірін ресми хабардар ету.
- 7) Тараптар өкілдерінің келісімге енгізілмеген, бірақ өзара мүддені білдіретін мәселелерді барлық деңгейлерде қарауға қатысу мүмкіндігін өзара қамтамасыз ету.
- 8) Тараптардың ресми сайттарында кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі және осы Келісімді орындау жөніндегі әлеуметтік әріптестік практикасы туралы материалдарды орналастыру.

## 2. Тараптардың міндеттемелері.

### Батыс Қазақстан облысының әкімдігі білім басқармасының «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» МКҚК:

- 1) Жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес қызмет көрсету кәсіпорындары үшін кадрларды сапалы даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.
- 2) Эксперименттік режимде дуальды оқыту технологиясын енгізуді жүргізу.
- 3) Жұмыс оқу-бағдарламалық құжаттарын рестолювая «Ploff» («RAssaup» ЖК) келісу.
- 4) Қызмет көрсету мамандықтары, ТЖКБ кәсіптері мен мамандықтарының жіктеуіші бойынша мемлекеттік үлгідегі жетілдіру бойынша жұмысқа қатысу.
- 5) Кәсіпорындарда (ұйымдарда) өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың тәлімгеріне еңбек ақысын төлейді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына сәйкес.
- 6) Жәрдемдесу:
  - қызмет көрсету кәсіпорындары үшін кадрлар даярлауға арналған жаңа буын оқулықтарын шығару және оқу процесіне енгізу;
  - студенттер мен жастар арасында кәсіби-бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру;
  - еңбек нарығының талаптарына сәйкес заманауи материалдарды пайдалана отырып, оқыту мен өндірістің жаңа технологиялары бойынша студенттер мен өндірістік оқыту шеберлерін, сала мамандарын қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру;
  - қызмет көрсету кәсіпорындары үшін кадрлар даярлау мәселелері бойынша конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, кездесулер және консультациялар өткізу;
  - студенттер мен педагогтар арасында кәсіби шеберлік байқауларын өткізу;
  - колледж түлектерін жұмысқа орналастыру.

### Рестолювая «Ploff» («RAssaup» ЖК):

- 1) Оқу үдерісін сапалы қамтамасыз ету және кадрларды даярлау мақсатында ынтымақтастық жәрдем көрсету:
  - оқытудың инновациялық технологияларын, оның ішінде дуалды;
  - қызметкерлерге қойылатын фирмаішілік біліктілік талаптарын ескере отырып, кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жетілдіру жөніндегі жұмыста;
  - студенттердің өндірістік практикасын ұйымдастыруда және өткізуде, арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін қайта даярлауда, біліктілігін арттыруда, тағылымдамада;
  - студенттер мен жастар арасында кәсіби-бағдарлау жұмысын

- ұйымдастыруда;
- қызмет көрсету кәсіпорындары мен колледждер арасында тікелей байланыс орнату және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауда;
  - мекемеде үздік студенттер мен педагогтарға арналған атаулы стипендиялар, кәсіби шеберлік байқауларын өткізуде;
  - еңбек ресурстарын дайындауды реттейтін нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыста;
  - оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері ретінде жұмыс істеу үшін саланың жоғары білікті мамандарын тартуда;
  - оқу процесінің кестесіне сәйкес кәсіпорын (ұйым) базасында өндірістік оқу бағдарламалары мен кәсіптік практиканың орындалуы туралы тәлімгердің қолы қойылған, тағылымдамадан өтушінің есебін дайындауға көмек көрсету.
- 2) Салалық кластерді тиімді алқалық басқаруды қамтамасыз ету мақсатында жәрдемдесу:
- салалық қамқоршылық кеңесті құру және оның жұмыс істеуі, оның құзыретіне мыналар кіреді: кластердің үйлестіру орталығы болып табылатын ұйым басшысын тағайындау және атқаратын лауазымынан босатуды келісу, ресурстарды бөлу және пайдалануды бақылау, қатысушы ұйымдардың және тұтастай алғанда салалық кешеннің даму жоспарларының орындалуын бекіту және бақылау және т. б.
- 3) Бизнесінің оқу орнына қамқорлығын белгілеуге жәрдемдесу, соның ішінде:
- студенттердің өндірістік тәжірибесін ұйымдастыру;
  - колледждің оқу-материалдық базасын нығайту;
  - оқушылар мен мұғалімдерге арналған ынталандыру стипендиялары мен сыйлықтарын құру;
  - тәлімгерлік институтын дамыту;
  - өндірістік оқыту шеберлері мен арнайы пәндер оқытушыларының кәсіпорындарда тағылымдамадан өтуі;
  - еңбек шартын жасасу арқылы алған кәсіптік білімінің деңгейі мен бейініне сәйкес келетін лауазымдарға түлектерді жұмысқа қабылдау (бос орындар болған жағдайда).
- 4) Біліктілік беру және түлектерді сертификаттау бойынша жұмысқа қатысу.
- 5) Техникалық және қызмет көрсету саласында еңбегінің сұранысқа ие мамандықтарын болжау мақсатында еңбек нарығына мониторинг жүргізу.
- 6) Колледждің алқалық органдарының жұмысына қатысу (қамқоршылық, педагогикалық, әдістемелік кеңестер).
- 7) Жастарды әлеуметтік-еңбекке бейімдеудің келісілген саясатын жүргізу, түлектердің жұмысқа орналасуына жәрдемдесу.
- 8) Колледж басшының орынбасарларын, бөлімше меңгерушілерін лауазымға тағайындау және босатуды келісу.
- 9) Оқу-бағдарламалық жұмыс құжаттамасын, колледждің стратегиялық даму жоспарын, қаржыландыру жоспарларын және т. б. әзірлеуге және келісуге қатысу.

10) Қызметтің негізгі бағыттарына мониторинг жүргізуге, білім беру үдерісінің сапасын басқару менеджменті жүйесін енгізуге, колледжді аттестаттау мен аккредиттеуге қатысу.

### 3. Келісімнің қолданылу мерзімі, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге Тараптардың өкілетті өкілдері қол қоятын және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамаларды жасау жолымен жазбаша нысанда ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, Тараптардың бірі басқа Тараптарға жіберілген жазбаша хабарлама арқылы оның қолданылуын тоқтатуға ниет білдіргенге дейін қолданылады.

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара консультациялар мен келіссөздер жолымен шешілетін болады.

Осы Келісімге төрт данада қол қойылды: екеуі – мемлекеттік тілде, екеуі - орыс тілінде, олардың әрқайсысының бірдей заңды күші бар.

**Батыс Қазақстан облысы әкімдігі  
білім басқармасының  
«Орал «Сервис» технологиялық  
колледжі» МКҚК**

**Рестоловая «Ploff»  
(«RAssaup» ЖК)**

БҚО, Орал, Циолковский көшесі, 26  
112) 3-39-00, 23-31-48  
[mail.ru](mailto:info@oralservis.kz)

БҚО, Орал, Циолковский көшесі, 2/2  
Тел.: 87710177



...Б.Искалиева



Басшысы

Р.С.Асауп